8D02301 – «Филология» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін Ташекова Айгерим Тарбиновнаның «Бекмұрат Уахатов – фольклортанушы ғалым» тақырыбында жазылған диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің

ЖАЗБАША ПІКІРІ

р/н №	Критерийлер	Критерийлерге сәйкес келуі (жауаптың біреуін сызыңыз)	Ресми рецензент ұстанымының негіздемесі (ескертуді курсивпен бөліп көрсетіңіз)
1.	Диссертация тақырыбы (оның бекітілген күні) ғылымды дамыту және/немесе мемлекеттік бағдарламалар бағытына сәйкес келеді	1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	Ұлттық сана – ұлт руханиятының негізі. Ұрпақтан ұрпаққа тарихтың білімі, тұлғалар тағылымы, ұлттық тәрбие, ұлттың фольклоры арқылы беріліп отырады. Осы ретте қоғамдық сананың жаңғыруына қазақ сөз өнерінің маңызы ерекше. Оның ішінде фольклорлық бағыттағы зерттеулердің мән-маңызы бүгінгі таңда артып келеді. Болашақ ұрпақты ұлттық болмыс пен ұлттық рухта тәрбиелеу, салт-дәстүр мен тіл құнарын сіңіру турасында аса маңызды зерттеулер жүргізілу заман талабы. Бұл тұрғыдан алғанда, Ташекова Айгерим Тарбиновнаның «Бекмұрат Уахатов – фольклортанушы ғалым» атты зерттеу жұмысы Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын іске асырудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы; Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы №726 қаулысымен бекітілген «Білімді ұлт сапалы білім беру» ұлттық жобасы; Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 24 қарашасындағы №941 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасы; ҚР мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына арналған жыл сайынғы жолдауларымен, «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласына; 7.2 «Гуманитарлық ғылымдар саласындағы іргелі, қолданбалы пәнаралық зерттеулер: әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулер; 7.2.1. Қазақстан тарихындағы ұлы есімдер мен Ұлы дәуірлер» бабында көрсетілген ұстанымдармен сабақтас келеді.
		1) Диссертация мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын жоба немесе мақсатты бағдарлама шеңберінде орындалды (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету) 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама шеңберінде орындалды (бағдарламаның атауын көрсету) 3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылымды дамытудың басым бағытына сәйкес келеді (бағыт	1) 8D02301 – «Филология» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін мемлекет бюджетінен қаржыландырылған докторантура аясында дайындалған диссертациялық жұмыс. 2) Диссертациялық зерттеу жұмысы «Ұлы Даланың жеті қыры: қоғамның рухани жаңғыруының мұралары мен бастаулары» атты бағдарламаға сәйкес орындалған. 3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми – техникалық комиссия бекіткен еліміздегі ғылым дамуының 7.Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулер басымдылығына сәйкес келеді. Сонымен қатар Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына (5.3.6. Тарих пен мәдениеттің, әдебиет пен тілдің, салт пен құндылықтардың ортақтығы. Қазақстан

		көрсетілсін)	Республикасы Үкіметінің 20219 жылдың 27 желтоқсандағы № 988 қаулысы) сәйкес.
2.	Ғылым үшін маңыздылығы	**Жұмыс ғылымға айтарлықтай үлес қосады**/қоспайды және оның маңыздылығы жақсы ашылған/ашылмаған	Диссертациялық жұмыс – әдебиеттегі ең мазмұнды, ең үлкен саланы сипаттайтын ғылыми-теориялық еңбек болып табылады. Фольклордың бұрынғы және бүгінгі кезеңдердегі зерттеулерінде халық ауыз әдебиетінің жаңа бағыттағы ой жүйемен талдануына сара жол салған фольклортанушы ғалым Бекмұрат Уахатовтың зерттеулері мен тұжырымдарын саралай отырып, өзіндік ерекшелігін танытқан. Осының негізінде қазақ фольклортану ғылымының жаңа бағыттарын қалыптастырғанын, қазақ-түркі халықтарының фольклорының даму тарихы, жанрлық ерекшеліктері мен поэтикасы, типологиясы, халық өлеңдерінің мазмұндық сипаты мен көркемдігі жаңа ой – пікірлердің тоғысында жасалынған кешенді зерттеу жұмысының маңызы өте зор.
3.	Өз бетінше жұмыс істеу қағидаты	Өз бетінше жұмыс істеу деңгейі 1) **Жоғары;** 2) Орташа; 3) Төмен; 4) Өз бетінше жұмыс істеу жоқ	Зерттеуші тақырыбын жан-жақты толық меңгерген, жазу деңгейі жоғары. Баяндалу стилі анық, нақты. А.Т.Ташекова фольклортанушы ғалым Б.Уахатовтың ғылыми тұжырым-пікірлері қазақ, орыс, шетел фольклортану ғылымындағы ой-пікірлермен салыстырыла, сабақтастырыла кешенді түрде карастырылады. Ғалымның қазақ фольклортанудағы еңбектерін оның ішінде тұрмыс-салт жырларының типологиясы турасындағы еңбектерін, халық өлеңдерінің жанрлық жүйеленуі мен көркемдігі жағынан зерделеудегі еңбегін толық карастырады. Дереккөздерді, қолжазба материалдарын пайдалана, зерттеу жүргізе отырып, өзіндік ғылыми тұжырымдар жасайды.
4.	Ішкі бірлік қағидаты	4.1 Диссертацияның өзектілік негіздемесі: 1) **негізделген;** 2) ішінара негізделген 3) негізделмеген.	Зерттеудің көкейкестілігі қазақ фольклортану ғылымының даму тарихында ғалым Б.Уахатовтың ойлары мен тұжырымдары жаңа бағыттардың қалыптасуына негіздеумен өзекті. Ғалым еңбектерінің мән-маңызын аша отырып, оның ішінде тұрмыс-салт жырларының қазақ-түркі әлеміндегі ерекшеліктерін зерделеудегі орасан зор жаңашыл еңбегінің тұжырымдары, зерттеу ерекшелігі, елдің ауыз әдебиетін зерттеуді мұрат еткен кайраткерлік қызметі болашақ зерттеушілерге үлкен бағдар болуы, Тұлғалық ғалым қызметінің насихатаудың қажеттігі зерттеу жұмысының өзек көзі болып саналады. Осы ретте диссертация өзектілігі жан – жақты негізделген.
		4.2 Диссертацияның мазмұны диссертация тақырыбын көрсетеді:	Диссертациялық жұмыстың мазмұны диссертация тақырыбын толықтай айқындайды. Жұмыстың мазмұны «Б.Уахатов – қазақ ауыз

		1) **көрсетеді;** 2) ішініара көрсетеді 3) көрсетілмеген	әдебиеті үлгілерін жинаушы және жариялаушы», «Б. Уахатов зерттеулеріндегі қазақ тұрмыс-салт жырларының жіктелуі», «Б. Уахатовтың халық өлеңдерін зерттеудегі әдіснамалық принциптері» деп аталатын өзара тығыз байланысты үш тараудан тұрады. Зерттеу жұмысының негізгі тараулары және тарауларға қарасты бөлімдерінде қарастырылатын тақырыптар біртұтастықты құрайды. Тақырыптар диссертация жұмысында қаралатын өзекті ойды ашып, белгілі бір нәтижені қорытындылауға мүмкіндік береді. Атап айтсақ, қазақ тұрмыс-салт жырларының ғылыми негіздерін жасаудағы Б.Уахатовтың зерттеу принциптеріне, оның типологиялық ерекшеліктеріне талдау жасалынады. Қазақ тұрмыс-салт жырлары мен халық өлеңдерінің түркі халықтарының ғұрып жырларымен салыстыра зерделеніп, тарихи жағынан ұқсастығы мен мазмұндық айырмашылықтарына, сюжеті мен жанрлық және поэтикалық ерекшеліктері, образдылығы мен тілдік табиғаты, айтылу мәнері сипатталып, ғалымның осы зерттеу турасындағы ғылыми ұстанымдары мен пікірлері зерттеуде толық, кешенді түрде қарастырылады.
		4.3. Мақсаты мен міндеті диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) **сәйкес келеді;** 2) ішініара сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді;	Диссертациялық жұмыстың мақсаты мен міндеттері зерттеу тақырыбына сәйкес келеді. Зерттеу жұмысында – Бекмұрат Уахатовтың қазақ фольклортану ғылымына қосқан үлесін кешенді түрде зерделеп, оның тұрмыс-салт жырларын жүйелеу, халық өлеңдерін классификациялау және фольклорлық жанрлардың поэтикалық ерекшеліктерін анықтаудағы ғылыми тұжырымдарын айқындау мақсаты қойылған. Докторант қазақ фольклортану ғылымындағы фольклортанушы ғалым Бекмұрат Уахатовтың еңбектерінің маңызын таныту, ғылыми ойларына, көзқарасы мен пікірлеріне талдау жасау арқылы Бекмұрат Уахатовтың ғылыми мұрасын зерделеу, ғалымның өмірі мен қоғамдық-ғылыми қызметінің ерекшеліктерін анықтау, қазақ фольклортану ғылымындағы орны мен рөлін сипаттау; халық ауыз әдебиеті үлгілерін жинау мен жариялау ісіндегі Бекмұрат Уахатовтың қызметін талдау, зерттеушінің халық шығармашылығын жинау, жүйелеу және жариялау бағытындағы әдістемелік ұстанымдарын анықтау; тұрмыс-салт жырларын тарихи-салыстырмалы аспектіде қарастыру – олардың генезисін, таралу ерекшеліктерін және фольклорлық дәстүрлермен байланысын айқындау; тұрмыс-салт жырларының типологиясын анықтау, олардың құрылымдық, мазмұндық және поэтикалық ерекшеліктерін талдап, Б.Уахатов енгізген ғылыми тұжырымдарды жүйелеу; халық өлеңдерінің жанрлық мазмұнын зерттеу, олардың тақырыптық жіктелімін, семантикалық ерекшеліктерін және стильдік сипаттарын сараптау; халық өлеңдерін классификациялау принциптерін зерделеу, ғалымның қазақ өлеңдерін жүйелеудегі негізгі ғылыми ұстанымдарын айқындау және олардың ғылыми негіздемесін жасау; зерттеу нәтижелерін фольклортанудың қазіргі бағыттарымен сабақтастыру арқылы Бекмұрат Уахатов еңбектерінің қазақ фольклортану

			ғылымындағы орнын айқындап, олардың бүгінгі ғылымға қосқан үлесін көрсету сияқты міндеттерді қою арқылы зерттеуші мақсат – міндетіне толық қол жеткізген.
		4.4 Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық тұрғыдан өзара байланысты: 1) **толықтай өзара байланысты;** 2)ішінара байланысты; 3) өзара байланыс жоқ;	Зерттеу жұмысы үш тараудан, қорытынды, пайдаланылған әдебиеттерден және қосымшадан тұрады. «Б.Уахатов – қазақ ауыз әдебиеті үлгілерін жинаушы және жариялаушы» атты бірінші тарауда Бекмұрат Уахатовтың өмір жолы, ғылыми қызметі мен қазақ ауыз әдебиеті үлгілерін жинау және жариялаудағы еңбегі жан-жақты зерттелген. Ғалымның экспедициялық сапарлары нәтижесінде жинақталған материалдары қазақтың халық мұрасын архивте сақтау ісіндегі бағалы дереккөздер ғана емес, сонымен қатар ғылымға қажетті текстологиялық негіз болғандығы сипатталады. Бұл еңбектердің нәтижесінде ауыз әдебиеті үлгілерінің бірқатар нұсқалары алғаш рет ғылыми айналымға енгізілгені жөнінде дәлелдеме тұжырымдамалар жасалынады. Бекмұрат Уахатов фольклорлық мәтіндерді жинау кезінде мәтіннің түпнұсқалық сипатын, ауызша таралу ерекшеліктерін, синтаксистік құрылымын, поэтикалық формасын, ұйқас пен ырғақ жүйесін сақтап жазып алуға ерекше назар аударғаны жөнінде тың зерттеулермен дәлелденеді. Ал «Б.Уахатов зерттеулеріндегі қазақ тұрмыс-салт жырларының жіктелуі» атты екінші тарауда Бекмұрат Уахатовтың қазақтың тұрмыс-салт жырларын алғаш рет типологиялық құрылымда саралап, оларды ғылыми негізде жүйелеу мәселесін жан-жақты зерттеуі туралы қарастырылған. Ғалымның тұрмыс-салт жырларының тарихи-мәдени мәнін тереңнен түсіну қағидаты, оларды негізгі топтарға бөлу, атап айтсақ, үйлену жырлары, балалар жырлары, еңбекпен, кәсіппен байланысты өлеңдер, жоқтау, сыңсу, беташар, жар-жар, наурыз өлеңдері, бақсы сарындары, арбау-байлау өлеңдері және т.б. ерекшеліктеріне талдау жасалынады. Бұл жіктеу тек формалды сипатта емес, мазмұндық және функциялық тұрғыда да негізделгені дәлелденіп, Бекмұрат Уахатов ғылыми әдіснамасында тұрмыс-салт жырларын қарастырудағы ғылыми ұстанымдарды, яғни жырдың туған әлеуметтік жағдайы мен функциясын есепке алу – әрбір өлеңнің өмірлік маңызы мен салт-дәстүрдегі қызметіне ғылыми дәлелдемелермен қорытындылар жасалынған. Поэтикалық құрылым мен формалық ерекшеліктерін саралау – өлеңнің ырғақтық, метрикалық, ұйқастық сипаты, образдылық жүйесі зерттелініп, аймақтық нұсқалар мен тілдік өзгешеліктерді салыстыру – жырлардың географиялық таралу ерекшеліктері мен жергілікті қолданыстары анықталады. Үшінші тарау «Б.Уахатовтың халық өлеңдерін зерттеудегі әдіснамалық принциптері» деп аталады. Аталмыш тарауда зерттеуші Бекмұрат Уахатовтың халық өлеңдерінің әрбір жанрын, тақырыптық бағытын, құрылымдық ерекшелігін тереңнен зерттеп, фольклорды поэтикалық код ретінде қарастырғанын анықтайды. Ол халық өлеңдерін көркем сөз өнерінің биік формасы ретінде талдап, олардың поэтикасын, типологиясын және тарихи-

			мәдени контекстін кең көлемде ашып көрсеткенін таныта отырып, сонымен бірге ғалым бұл өлеңдерді қазіргі мәдениетте қолданудың жолдарын да қарастырғанын көрсетеді. Бекмұрат Уахатов халық өлеңдерін жүйелі ғылыми сараптаудан өткізіп, оларды жанрлық тұрғыда алғаш рет толық жіктегенін кешенді зерттеулер жүйесінде дәлелдей алған. Ең бастысы, ғалымның фольклорлық поэзияның көркемдік құрылымын, ұйқас жүйесін, образдық әлемін талдай отырып, қазақ халқының шығармашылық, дүниетанымдық моделін сипаттаудағы қызметін бүгінгі фольклортану ғылымындағы маңызды ролін айрықша таныта алған. Диссертацияның құрылымы, мазмұны, ғылыми негізделу дәрежесі, зерттеу кезінде жасалған түйін, тұжырымдары диссертацияға қойылатын талаптар үдесінен шыққан. Зерттеушінің теориялық дайындығы, тақырыпты меңгеруі, ғылыми материалдар мен деректерді жинақтап, сұрыптауы диссертациялық жұмыстың ғылыми деңгейін, теориялық-практикалық мән-маңызын арттыруда үлесі зор.
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (принциптер, әдістер) дәлелді және белгілі шешімдермен салыстырғанда бағаланады: **1) критикалық талдау бар;** 2) ішінара талдау бар; 3) талдауда өз пікірлерін білдірмейді, бірақ басқа авторлардың дәйексөздері келтірілген; 4) талдау жоқ.	Диссертант ұсынған жаңа шешім-пікірлер дәлелденіп, бұрынғы белгілі ойлармен салыстырыла талданып, зерттеушінің өз тарапынан қосқандары, өзіндік ой-пікірлері ажыратылып көрсетіледі. Диссертацияның сыни талдаулары мен өзіндік тұжырымдарын зерттеу жұмысының құнды жақтары ретінде бағалауға болады. В.Радлов, Г.Потанин, А.Васильев, А.Алекторов, Ә.Диваев, Н.Ильминский, П.Мелиоранский, Е.Бертельс, Я.Пропп, Х.Ярми және т.б. сондай-ақ қазақ фольклортанушы ғалымдары Ш.Уәлиханов, А.Байтұрсынов, Х.Досмұхамедов, М.Әуезов, С.Сейфуллин, Б.Кенжебаев, М.Сильченко, С.Қасқабасов, К.Матыжанов, Б.Абылқасымов, Н.Жүсіпов еңбектеріндегі тұрмыс-салт жырлары мен халық өлеңдерінің жанрлық сипаты, типологиясы хақында берілген пікірлерді салыстыра келіп, Б.Уахатовтың типологиялық құрылымын жүйелеуге негізделген жіктемелік принциптерді ұсынғаны, (68-70 б) халық өлеңдерін құрылымдық, мазмұндық және орындаушылық ерекшеліктеріне қарай саралап, қазақ фольклорындағы өлең жанрының ішкі жіктемесін айқындау әдіснамасын жасау сияқты(100-103б). т.б. пікірлері арқылы ерекшелігін танытады. Бекмұрат Уахатовтың қазақ фольклорын жинау және жариялау жолындағы қызметін библиографиялық жолмен зерттей отырып, ғылыми қызметінің жан-жақтылығын көрсете білген. Қазақтың тұрмыс-салт өлеңдеріне неғұрлым дәл де дәлелді зерттеулер жүргізу мақсатымен, оны туыстық тарихы тереңде жатқан қырғыз, қарақалпақ, ноғай, татар, башқұрт, қарашай, алтай халықтарының жырларымен салыстырған еңбектері арқылы ғалымның еңбектері – теориялық тұжырым ғана емес, практикалық-методологиялық бағдар беретін интеллектуалдық ресурс екенін дәлелдейтін, зерттеу мәнін айқындайтын ойлары терең сыни талдаулары мен түйіндемелері айқындайды.
5.	Ғылыми жаңалық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен	Диссертацияның ғылыми нәтижелері мен

		ережелер жаңа ма? **1) толықтай жаңа;** 2) ішінара жаңа (жаңалық 25-75%); 3) жаңа емес (жаңалық 25%)	қағидаттары толығымен жаңа деуге толық негіз бар. Осы күнге дейін Б.Уахатовтың қазақ фольклорын зерттеген ғалым ретінде арнайы зерттелмеген. Сол себепті Ташекова Айгерим Тарбиновнаның «Бекмұрат Уахатов – фольклортанушы ғалым» атты зерттеу жұмысы алғашқы еңбек болып табылады. Жұмыста ғалымның қазақ фольклортану ғылымына арналған еңбектерін зерттей келіп, Б.Уахатовтың бұл саладағы, әсіресе тұрмыс-салт жырлары, халық шығармашылығы турасындағы еңбектері бүгінгі зерттеулерге терең тұжырымдарымен, нақты дәлелдерімен, теориялық ой-пікірлерімен негіз болатындығын жүйелі, ғылыми деректі, нақты пайымдарымен анықтай алған. 1.Бекмұрат Уахатов фольклорлық мәтіндерді жинау кезінде мәтіннің түпнұсқалық сипатын, ауызша таралу ерекшеліктерін, синтаксистік құрылымын, поэтикалық формасын, ұйқас пен ырғақ жүйесін сақтап жазып алуға ерекше назар аударған. Ол халықтың сөздік қорындағы диалектілік айырмашылықтарды, жергілікті тілдік бояуларды, импровизациялық элементтерді толық күйінде қағазға түсіруге тырысқан. Бұл тәсіл фольклорлық мәтіндердің өміршеңдігін қамтамасыз етіп, олардың мәтіндік ауыспалылығы мен нұсқалық байлығын ғылыми тұрғыдан зерделеуге мүмкіндік бергенін ұтымды тәсіл деп көрсетеді. 2.Ғалымның зерттеу әдісі тек фольклорлық материалдарды сұрыптау мен жариялауға емес, оларды интерпретациялау мен этнофилософиялық мазмұнын ашуға бағытталғанын Бекмұрат Уахатовтың типологиясы – фольклорды тек жанр бойынша бөлу емес, оның мазмұндық мәнін, халық өміріндегі орнын ашу болып табылатынын дәлелдейді.
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма? **1) толықтай жаңа;** 2) ішінара жаңа (жаңалық 25-75%); 3) жаңа емес	Диссертацияның қорытындылары толығымен жаңа. Әрбір тарау бойынша жасалған қорытындылар тұжырымдалған. Диссертант Бекмұрат Уахатовтың тұрмыс-салт жырлары мен халық өлеңдеріне арналған зерттеулерін нақты дәлелдермен, қисынды ойлармен негіздейді. Тұрмыс-салт жырларының мазмұндық құрылысын, жанрлық сипатын, поэтикасын зерттеуді ғалым қазақ халқымен туыстас татар, башқұрт, өзбек, қырғыз, қарақалпақ, хакас, әзербайжан халықтарымен салыстырып, қазақ ұлттық ерекшеліктерін, ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтауы диссертацияда жақсы дәлелденеді. Сонымен қатар халық өлеңдерінің жанрлық түрлері, көркемдік ерекшеліктері, орындалу мәнері, жиналуы мен жариялануы жан-жақты зерттеуімен маңызды да құнды екені дәлелденген. Зерттеу сабақтастығы сақталынып, теориялық негіздемелер болуымен мәнді деуге болады. Зерттеу қорытындылары мен пайымдары жұмыстың толық нәтижесі ретінде бағалауға болады.
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері	Диссертациялық жұмыстың тақырыбы, зерттеу нысаны әлеуметтік-гуманитарлық ғылым бағытында орындалған.

		жаңа және негізделген: 1) **толықтай жаңа;** 2) ішінара жаңа (жаңалық 25-75%); 3) жаңа емес (жаңалық 25%)	Жұмыстың техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген. Б.Уахатовтың тұрмыс-салт жырлары мен халық өлеңдерін жүйелеудегі ұстанымдары олардың жанрлық белгілерін анықтауда дәлдік пен нақтылыққа қызмет етеді. Диссертациялық жұмыста келтірілген әдебиеттану мен лингвистикалық, философиялық, психологиялық терминдік анықтама және сол анықтама негізіндегі теориялық ұстанымдар олардың ғылыми сипаттарын анық аша алады. Зерттеуші оларды жетік біліктілікпен меңгере отырып, қазақ фольклортану саласындағы түрлерге жүйелеу, типологияға бөлу, әлемдік фольклористикамен салыстыру, ұлт тарихымен сабақтастыра талдау жасау, ұлттық таным мен болмыстың құнды құралы мен қуаты ретінде таныту, бүгінгі ғылымға қажеттілігі мен өзектілігін байланыс бағытында белгілеген ойларын анық таныта алады. Осы ретте диссертант зерттеу жұмысының міндеттерін орындау арқылы зерттеу мақсатына толық жеткен.
6.	Негізгі тұжырымдардың дұрыстығы	**Барлық негізгі тұжырымдар ғылыми тұрғыдан маңызды дәлелдерге негізделген**/негізделмеген немесе жеткілікті түрде негізделген (qualitative research және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша дайындық бағыттары үшін)	Зерттеу жұмысының қорытындылары орта, жоғары оқу орындарында «Қазақ әдебиеті», «Қазақ әдебиетінің тарихы», «Халық ауыз әдебиеті» т.б. пәндері салалары бойынша т.б. ғалымдардың зерттеулеріне негізделген. Сонымен қатар диссертациялық жұмыста көрсетілген барлық қорытындылары мен тұжырымдамалар талдаулар негізінде нақты дәлеледенген.
7.	Қорғауға шығарылатын негізгі ережелер	Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет: 7.1 Ереже дәлелденген бе? 1) **дәлелденген;** 2) біршама дәлелденген; 3) керісінше дәлелденді; 4) дәлелденбеген; 5) ағымдағы тұжырымдамада Ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес. 7. Тривиальды ма? 1) **иә;** 2) жоқ; 3) ағымдағы тұжырымдамада ереженің тривиалдылығын тексеру мүмкін емес. 7.3 Жаңалық болып табылады ма? 1) **иә;** 2) жоқ; 3) ағымдағы тұжырымдамада ереженің тривиалдылығын тексеру мүмкін емес. 7.4 Қолданылу деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) **кең;** 4) ағымдағы тұжырымдамада	7.1.Негізгі қағидаттар толық дәлеледенген. Диссертация көлемінде докторант негізігі 8 қағидатты айқындаған және олар зерттеудің ғылыми нәтижелеріне толық сәйкес келеді. 7.2. Әрбір қағидат тривиалды емес. Автор қағидаттары ерекше тәсілмен, жан-жақты тәсілмен карастырылған. 7.3.Мейілінше жаңа. Фольклортану ғылымындғы зерттеулерде осыған дейін осы диссертацияда талданған мәселелер арнайы карастырылмаған. Сондықтан зерттеу нәтижелері жаңалығымен ерекшеленеді. 7.4. Қолдану деңгейі кең. Әдебиеттану, фольклор, тарих,өнер және этнография салаларында кеңінен пайдалануға болады. 7.5. Зерттеу тақырыбы бойынша – 17 мақала мен 1 оқулық жарияланған және оқу үдерісіне енгізілді, шетел және отандық, халықаралық басылымдарда - 7; ҚР ҒжЖБ ҒЖБССҚЕК ұсынатын ғылыми басылымдар - 8; Scopus мәліметтер базасында тіркелген шетел журналында жарыққа шыққан ғылыми мақала – 2. Осы мақалаларда диссертацияның негізгі тұжырымдары жан-жақты талданып, мамандар талқысында болған, сараптамадан өткізілген.

		ереженің тривиалдылығын тексеру мүмкін емес. 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) **иә;** 2) жоқ; 3)ағымдағы тұжырымдамада ереженің тривиалдылығын тексеру мүмкін емес.	
8.	Сенімділік принципі Пайдаланылған әдебиеттер мен ұсынылған ақпараттардың сенімділігі	8.1 Әдістемені таңдау негізделген немесе әдістеме жеткілікті егжей-тегжейлі сипатталған 1) **иә;** 2) жоқ.	Зерттеу жұмысының ғылыми-әдіснамалық негізі ретінде отандық және шетелдік ғалымдардың теориялық тұжырымдары мен ғылыми ізденістері басшылыққа алынған. Б.Уахатовтың зерттеулерінде пікірлері мен тұжырымдарын саралауда әдебиеттану, тарих, лингвистика, психология, философия, этнография, мәдениеттану т.б. ғылымдар тоғысында қарастырылған. Зерттеуші тұтастық форматтағы зерттеу арқылы ұлттық таным, ұлттық болмыс,ұлттық көзқарас негізінде рухани құндылықтар жиынтығында қарастырған. Зерттеу әдінамасы нақты, пайдаланылған әдебиеттер мен ұсынылған ақпараттардың сенімділігі арасында өзара байланыс пен сәйкестік сақталынған.
		8.2 Диссертациялық жұмыстың нәтижелері ғылыми зерттеулердің заманауи әдістерін және компьютерлік технологияларды қолдана отырып деректерді өңдеу және түсіндіру әдістерін қолдана отырып алынды: 1) **иә;** 2) жоқ.	Диссертация жұмысының нәтижелерінде компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманауи әдіс-амалдары мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелері сауатты қолданылған. Диссертация жұмысының нәтижелері фольклорлық мұраларды жинау, топтау әдістерін пайдалана отырып алынған. Зерттеу жұмысында салыстыру әдісі мен әдеби талдау әдістері дұрыс қолданылған.
		8.3 Теориялық тұжырымдар, модельдер, анықталған қатынастар мен заңдылықтар эксперименттік зерттеумен дәлелденді және расталды (педагогикалық ғылымдар бойынша дайындық бағыттары үшін Нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденді): 1) **иә;** 2) жоқ.	Диссертацияның теориялық қорытындылары, ғылыми тұжырымдары нақты анықталған өзара байланысты және теориялық тұрғыда дәлеледенген. Зерттеу барысына Б.Уахатовтың барлық еңбектері талданған. Бұл зерттеушінің біліктілігінің, жан-жақты ізденген жұмысының нәтижесі деп қабылдауымыз керек.
		8.4 Маңызды мәлімдемелер өзекті және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен **расталған** / ішінара расталған/расталмаған	В.Радлов,Г.Потанин, А.Васильев, А.Алекторов, Ә.Диваев, Н.Ильминский, П.Мелиоранский, Е.Бертельс, Я.Пропп, Х.Ярми және т.б. сондай-ақ қазақ фольклортанушы ғалымдарының да аталмыш салаға қатысты еңбектері негізге алынып, жан-жақты қарастырылған. Ш.Уәлиханов, А.Байтұрсынов, Х.Досмұхамедов, М.Әуезов, С.Сейфуллин, Б.Кенжебаев, М.Сильченко, С.Қаскабасов, К.Матыжанов, Б.Абылқасымов Н.Жүсіпов және т.б. еңбектері басшылыққа алынған. Сондай-ақ фольклортанушы ғалымның зерттеу еңбектеріне Т.Нұртазин, М.Қаратаев, Н.Төрекұлов, Р.Бердібаев, М.Базарбаев, Ә.Ыдырысов, С.Садырбаев сынды қазақ әдебиеті зерттеушілерінің публицистикалық естеліктері де ескерілген.

			Шетелдік ғалымдар еңбектерін және эмперикалық дерекөздердің мәліметтерін талдау арқылы маңызды мәлімдемелер жасай алған. Бұл әрбір тараудағы іргелі ғылыми еңбектерге жасалған сілтемелерден анық көрінеді.
		8.5 Маңызды мәлімдемелер өзекті және сенімді. **Ғылыми әдебиеттер сілтемелерімен расталған** / ішінара расталған/расталмаған	Пайдаланылған әдебиет көздері әдеби шолу үшін жеткілікті.Докторант диссертациялық жұмысында әдебиеттану бағытындағы шетелдік, отандық ғалымдардың теориялық және арнайы сипаттағы әдебиеттерден тұратын 127 дереккөз, сонымен қатар ресми саиттар дереккөздеріне сілтеме жасаған.
9	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық мағынасы бар 1) **иә;** 2) жоқ.	Зерттеу нәтижелерін қазақ әдебиеттануы, фольклотану, этнография, музыка салаларының дамуына нақты үлес қоса алады. «Қазақ әдебиеті», «Қазақ әдебиетінің тарихы», «Халық ауыз әдебиеті» т.б. пәндерінде оқытуда пайдалануға болады.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану ықтималдығы жоғары: 1) **иә;** 2) жоқ.	Диссертацияның практикалық маңызы бар және ғылыми жұмыс нәтижелелері жоғары. Ғылыми тұжырымдар нәтижесін жоғары оқу орындарының филология факультетерінде қазақ фольклоры, әдебиеттану, өнертану пәндерінен дәріс оқу барысында, элективті, арнайы курстарда тірек материалдар ретінде қолдануға болады. «Бекмұрат Уахатов зерттеулеріндегі фольклорлық әдеби байланыс үрдісі» атты оқулық даярланып, оқу үрдісіне енгізу туралы акт алынған.
		9.3 Тәжірибеге арналған ұсыныстар жаңа: 1) **толықтай жаңа;** 2) ішінара жаңа (жаңалары 25-75%); 3) жаңа еместері (жаңалығы 25%)	Диссертацияның практикалық ұсыныстарының жаңашылдық дәрежесі толығымен жаңа. Зерттеу барысында міндетіне қол жеткізген, тұжырымдары нақты, кешенді бай материалдармен дәйектелген. Зерттеу барысында диссертант басшылыққа алған іргелі теориялық тұжырымдар мен әдістер жұмыстың теориялық негізделуінің дәйектелуі дұрыстығын көрсетеді. Өзіне дейінгі ғылыми ой-пікірлермен санаса отырып, осы тақырыпқа қатысты айтылған ойларды кеңейту арқылы тұжырымдар берген. Б.Уахатовтың фольклортанушылық қызметін кешенді түрде жан-жақты ғылыми тұрғыда таныта алған.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық хаттар сапасы письма: 1) **жоғары;** 2) орташа; 3) ортадан төмен; 4) төмен.	Диссертацияның академиялық жазу сапасы жоғары деңгейде. Ғылыми жұмыс диссертацияға қойылатын талаптарға сай жазылған. Диссертация ғылыми стильмен, нақты дерек – дәйектерді талдауға негізделген тұжырымдар жасай отырып жазылған және сауатты ресімделген.
11.	Диссертацияға ескертулер		
12.	Зерттеу тақырыбы бойынша докторант мақалаларының ғылыми деңгейі (диссертацияны мақалалар сериясы түрінде қорғаған жағдайда ресми рецензенттер зерттеу тақырыбы бойынша докторанттың әрбір мақаласының ғылыми деңгейіне түсініктеме		

	береді)	
13.	Ресми рецензенттің шешімі осы (типтік ереженің 28-тармағына сәйкес	Докторант Ташекова Айгерим Тарбиновнаға 8D02301 – «Филология» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін «Бекмұрат Уахатов – фольклортанушы ғалым» тақырыбында дайындаған диссертациялық жұмысына философия докторы (PhD) дәрежесін беруге лайық деп санаймын.

Ресми рецензент:
М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының Бас директоры,
филология ғылымдарының докторы
ҚР ҰҒА корреспондент – мүшесі **К.С.Матыжанов**